

## Алкоголь өнімінің ең төменгі бағасын есептеу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Бұйрық Мемлекеттік кіріс министрлігі Алкоголь өнімін өндіру және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитет 1999 жылғы 18 қараша N 264. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2016 жылғы 19 ақпандағы № 75 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.02.2016 № 75 бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы 1999 жылғы 16 шілдедегі 429-1 Заңын жүзеге асыру мақсатында Бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған күштілігі 30% және одан жоғары алкоголь өнімінің ең төменгі бағасын есептеу туралы Нұсқаулық бекітілсін.

2. Есептеу және талдау бөлімі (Ким Р.Ю.) жоғарыда көрсетілген Нұсқаулықты Қазақстан Республикасының қаржы министрлігімен келіссін.

3. Нормативтік реттеу бөлімі (Лепесбаев А.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткізсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

ҚР МКМ Алкоголь өнімін  
өндіру және оның  
айналымын мемлекеттік  
бақылау жөніндегі  
комитет Төрағасының  
18 қараша 1999 ж.  
N 264 бұйрығына  
қосымша

Алкоголь өнімінің ең төменгі бағасын есептеу  
туралы Нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының "Этил спирті мен алкоголь өнімдері өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы Заңына сәйкес күштілігі 30 % және одан жоғары алкоголь өнімінің ең төменгі бағасын есептеу тәртібін анықтайды.

2. Осы Нұсқаулық алкоголь өндірісіндегі шығын баптарын сипаттайды және өкілетті орган, отандық алкоголь өнімінің ең төменгі бағасын анықтауды басшылыққа алу үшін дайындалған.

3. Алкоголь өнімінің ең төменгі бағасын есептеу үшін пайдаланылатын шығындардың құрамы мен сыныптамасы осы Нұсқаулықтың 2-тарауына сәйкес анықталады.

## 2. Шығын сипаттамасы

4. Шикізат пен негізгі материалдар шығындарының құрамына мыналар кіреді :

1) алкоголь өнімін өндіру үшін негізгі шикізат болып табылатын спирт-ректификат. Спирт сатып алу бағасынан ҚҚС-ты алып тастаған бағасымен өндіріс шығынына шығарылады.

Спирт сатып алғанда мынадай критерийлер ескеріледі:

құрамында крахмалы бар шикізаттан (бидай, қара бидай, арпа, жүгері, сұлы, күріш) өндірілген спирт және құрамында қанты бар шикізаттан (қызылша, сірке суы) өндірілген спирт;

өзі өндірген немесе арақ өндіру үшін сатып алынған спирт;

2) нормативтік-техникалық құжатпен регламенттелетін нормалар шегіндегі спирт шығыны (өндіріс төлқұжатына сәйкес);

3) өндірілетін өнім құрамына кіретін басқа да материалдар;

5. Көлемді материалдар шығындарына жататындар:

1) сатып алынған баға, суды сапалық көрсеткішке жеткізу;

2) сатып алынған тығындау материалдары (алюминий фольгасы, қақпақ, тығын, төсем, қыздыру отырғызылған пленка және т.б.);

3) заттаңба, жапсырма, желім, штемпельдік бөлу;

4) шөлмекті жууға керек материал (каустикалық сода және т.б.);

5) өнімді сүзгілеу үшін керек материал;

6) шөлмек құны;

7) гофрыдыс;

Өз суының құны калькуляцияланбайды және бұл шығындарға жатпайды. Өз суын алуға байланысты шығындар жоспарланады және басқа да калькуляциялық шығын баптары бойынша ескеріледі (жалақы, отын, үстеме шығындар).

Өнімді өндіру үшін тұтынылатын, сондай-ақ су, шөлмекті жуу үшін және басқа технологиялық өндірістік мақсаттар үшін керек су белгіленген нормативтік және тарифтер бойынша шығынға жазылады (өндіріс төлқұжатына сәйкес).

Осы тармақшаның 2), 3), 4), 5) және 7) тармақшаларында көрсетілген көмекші материалдарды бөлу өндірілген өнім санына қарай пропорционал жүргізіледі.

6. Өндіріс процесінде тікелей шығындалатын отын мен энергия (барлық түрі) шығындары есепке алу бағасымен шығынға жазылады.

Өзінің жылу және электр энергиясын өндіру калькуляцияланбайды, ал оларды өндіруге байланысты шығындар негізгі өндіріс шығындарының тиісті баптарына жатқызылады (жалақы, отын, үстеме шығындар).

7. Шығындар құрамына өндіріс жұмысшыларының, сондай-ақ қолданыстағы еңбек туралы заңға сәйкес тікелей өнім дайындаумен байланысты инженер-техник қызметкерлерінің негізгі және қосымша жалақылары кіреді.

1. Шығын құрамына өндіріс жұмысшыларының негізгі және қосымша жалақысы сомасынан, заңға сәйкес белгіленген норма бойынша жүргізілетін ақша аудару кіреді.

2. Үстеме шығыстар бойынша шығындарға мыналар кіреді:

1) бөгде ұйымдар, сондай-ақ көмекші өндіріс күшімен жүргізілген өндірістік мәні бар негізгі жабдықтарды жөндеу бойынша нақты шығыстардың сомасы.

2) негізгі жабдықтар және өндірістік мәні бар материалды емес актив нормалары бойынша реттелген өтелім сомасы. Өтелімді есептегенде негізгі жабдықтар мен материалды емес актив құнын біртіндеп шығынға жазу әдісі қолданылады;

3) өндірісте тұтынылған коммуналдық қызмет көрсету құны;

10. Басқа үстеме шығыстар шығынына мыналар кіреді:

1) дайын өнімдер ақауының шығыстары мен шығындары.

Ақаудан болатын шығын сомасы дайын өнімдердің нақты өзіндік құны мен оның құрамындағы өндіру кезінде қолданылуы мүмкін негізгі материалдар құнының айырымы арқылы анықталады.

2) бос тұрып қалудан, өндіру кезінде ыдыстың сыну шығыстарынан болатын шығын сомасы өндіру кезіндегі ыдыс сынығын бөлу, тиісті сыйымдылықта өндірілген санына пропорционал жүргізіледі, ал шығын саны шектік рұқсат етілген шығын (сыну) нормативіне сәйкес анықталады (өндіріс төлқұжатына сәйкес).

11. Басқа шығыстар бойынша шығындарға мыналар кіреді:

1) қызметтік іс-сапарлар және өндірістік сипаты бар орын ауыстырулар;

2) өндіріс қызметкерлерін оқыту;

3) тазалық-гигиеналық нормаларды орындау, ғимаратты ұстау;

4) өндірістік ғимараттарда өрт қауіпсіздігі, әскери және қарауыл күзетін ұстау

;

5) сынақ, тәжірибе, зертеу жүргізу, жалпы зауыттық зертхана ұстау, жоғарыда аталған баптардың бірде-біреуіне жатпайтын алкоголь өнімі өндірісімен байланысқан шығындар.

12. Жалпы шаруашылық және әкімшілік шығындарына мыналар кіреді:

1) қызмет көрсету өндірісімен айналысатын әкімшілік қызметкерлеріне жататын жұмыскерлер еңбегін төлеу;

2) заңмен белгіленген нормалар бойынша қызмет көрсету өндірісімен айналысатын қызметшілер мен әкімшілік қызметкерлер еңбегін төлеуден аударылатын ақша;

3) әкімшілік басқару аппаратын, құрылымдық бөлімшелерге қызмет көрсететін жұмыскерлерді, материалды-техникалық және көліктік қызмет көрсету;

4) өндіріске жатпайтын (жалпышаруашылық мәні бар негізгі құралдардың тозуы, жалпышаруашылық мәндегі құрылыстар мен ғимараттарды түгендеу, ағымдағы жөндеу мен ұстауға кететін шығындар) және басқарудың техникалық құралдарын, байланыс тораптарын, сигнализация құралдарын, есептеу орталықтарын ұстау және қызмет көрсету;

5) банк қызметін төлеу;

6) әкімшілік басқару қызметкерлерінің іс-сапарлары;

7) почта-телеграф және телефон шығындары;

8) өкілдік таныстыру шығындары;

9) жалпышаруашылық негізгі құралдарын жалдау;

10) салықтар, алымдар және мүліктен, жылжымайтын мүліктен ақша аудару;

11) нормативтен тыс шығындар, қоймалардығы тауар-материал қорларының бүлінуі және жетіспеуі және басқа өндірістік емес шығындар;

12) кеңес беру (аудиторлық) және ақпараттық қызметті төлеу;

13. Өткізу шығындарына мыналар кіреді:

1) өткізу бөлімі қызметкерлерінің еңбегін төлеу қорынан ақша аудару және жалақы, меншікті сақтандыру жөніндегі шығындар, іс-сапар шығындары, өнімді сату кезінде пайдаланылатын негізгі құралдарды ұстау жөніндегі шығындар мен өтелімге ақша аудару;

2) жиберу бекетіне дейін жүктерді көлікпен алып жүру, түсіру-тиеу жұмыстары;

3) рыноктарды зерттеу және тауардың рынокта өткізілуі мен қозғалуы жөніндегі шығындар, (маркетингтік шығындар), жарнама бұйымдарын шығару және дайындау, көрмелерге, жәрмеңкелерге қатысу шығындары;

4) дәмін айыру жөніндегі шығындар;

14. Проценттер бойынша шығындарға мыналар кіреді:

1) банк кредиттері бойынша проценттерді төлеу;

2) жеткізушілер кредиті бойынша проценттерді төлеу;

3) мүлікті жалға алу бойынша проценттерді төлеу;

15. Тиімділік өндірістік өзіндік құннан 20% мөлшерінде есептеледі.

16. ҚҚС есептеу Қазақстан Республикасының салық Заңының белгіленген мөлшерлемесі бойынша жүргізіледі.

17. Ақциздік есептеу Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен мөлшерлеме бойынша жүргізіледі.

Ескерту: алкоголь өнімінің ең төменгі бағасына, кіруге жататын шетелдік валютамен жүргізілген шығындар Қазақстан Республикасы валютасында шетел валютасын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептік-ақшалық құжаттар көшірім датасы бойынша қолданыстағы курспен қайта есептеу

жолымен анықталатын сомада көрініс табады.

3. Ең төменгі бағаны анықтау тәртібі

18. Ең төменгі бағаны анықтағанда әртүрлі аймақтардың ерекшеліктері ескеріледі (әртүрлі тарифтер және т.б.)

1) республиканың алкоголь өнімдері рыногы шартты түрде ерекшеліктері әртүрлі бес аймаққа бөлінеді:

Орталық аймаққа: Ақмола, Қарағанды облыстары және Астана қаласы кіреді;

Солтүстік аймаққа: Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстары кіреді;

Батыс аймаққа: Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстары кіреді.

Оңтүстік аймаққа: Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары кіреді;

Шығыс аймаққа: Алматы, Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстары және Астана қаласы кіреді.

2) Бес аймақтың әрқайсысы бойынша зауыт-өндірушінің ең төменгі шектік босату бағасы және сауда жүйесіндегі алкоголь өнімінің шектік көтерме және бөлшек сауда бағасы анықталады.

Алкоголь өнімінің шектік бағасын:

өндіруші ұйымдар алкоголь өнімінің ең төменгі бағасын есепке ала

отырып анықтайды (N 1-қосымшаны қараңыз) сауда жүйесінде былай анықталады:

көтерме баға = босату бағасы+10% тиімділік;

бөлшек сауда = көтерме сауда+8% тиімділік;

3) Бес аймақтың әрқайсысы бойынша анықталған шектік бағадан өндіруші ұйым босататын алкоголь өнімдерінің көтерме және бөлшек сауда бағасы

анықталады.

4) Осы тармақтың 3) тармақшасына сәйкес анықталған ең жоғарғы баға бүкіл Республика бойынша белгілі бір мерзімге алкоголь өнімінің "ең төменгі бағасы" ретінде Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленеді. Ескерту: ең төменгі баға оның құрылымдық құраушыларының өзгеруіне байланысты (акциз мөлшерлемесі, тариф және т.б.) өзгеруге жатады.

Күштілігі 30% және одан жоғары  
алкоголь өнімінің ең төменгі  
бағасын есептеу  
туралы Нұсқаулыққа  
қосымша

Күштілігі 30 % және одан жоғары алкоголь өнімінің ең төменгі бағасын есептегенде пайдалану үшін кететін шығындардың құрамы мен классификациясының кестесі

---

Н! Шығын баптарының атауы ! Өлшем ! Бірлік !ҚҚС-ты! Сома !0,5 литр  
р/н бірлігі өлшемінің қоспа 1 шөлмектің  
шығыны ғандағы о/қ  
баға

---

1 Шикізаттар мен негізгі материалдар:

1) спирт ректификат  
2) нормативтік-техникалық құжаттармен реттелетін норма шегіндегі спирттің жоғалуы.

3) өндірілетін өнімнің құрамына кіретін басқа материалдар

2. Көмекші материалдар:

- 1) су Дал
- 2) сүзгіш материалдар
- 3) қоспалар Кг
- 4) жуу құралдары Кг
- 5) шөлмек Дана
- 6) тығын материалдары Дана
- 7) гофробыдыс Дана

3. технологиялық мақсаттар

үшін отын мен энергия:

1) Эл/энергиясы Квт

2) Жылу энергиясы Гкал

3) Отын Куб.м

4. Өндіріс жұмысшыларының Тг

негізгі және қосымша еңбек

ақылары

5. Өндіріс жұмысшыларының Тг

еңбекақы қорынан аударымы

6. Үстеме шығындар

1) Негізгі құрал-жабдықтарды Тг

жөндеу

2) Негізгі жабдықтардың Тг

тозуы және материалдық

емес активтердің өтелімі

3) коммуналдық қызмет

7. Басқа да үстеме шығындар

1) Ақау шығындары

2) Бос тұру шығындары, б.д.

өндірістік Шығындар мен

ысыраптар

8. Басқа шығындар Тг

1) Өндірістік мәні бар

қызметтік іс-сапар

2) Өндіріс қызметкерлерін

оқыту

3) Тазалық-гигиеналық

нормаларын сақтау

4) Күзет ұстау

5) Сынақтар (тәжірибе)

жүргізу

Өндірістік өзіндік құн Тг

9. Жалпы және әкімшілік Тг

шығындары

10. Сатылу бойынша шығындар

11. Процент бойынша

шығындар

12. Тиімділігі

Өткізу құны Тг

13. ҚҚС Тг

14. Акциз Тг

Босатылған бағасы Тг

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК